

«6D011400 – Тарих педагогтарын даярлау» мамандығы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін ұсынылған «Отандық тарихи тұлғатану бағыты (Академик С.Б.Бәйішевтің өмірбаяны мысалында)» Мамбетов Бекзат Махмұтұлының диссертациясына

ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІНІҢ ШКІРІ

Білім беру жүйесіндегі өзгерістер құзыретті маманды талап етеді, өйткені, оның дайындығы әлеуметтік тәжірибенің өзгеруіне; білім беру қызметтерін қайта жаңартуды жүзеге асыруға; білім беру үдерісіне инновациялардың енгізілуіне; әлеуметтік талаптардың деңгейінің өсуіне, т.б. жауап беруі тиіс. Осы мақсатта Мамбетов Бекзат Махмұтұлының іздену жұмысында отандық тарихта елеулі рөл атқарған тұлғалардың азаматтық, саяси өнегесін патриоттық тәрбие мақсаттарына қолданудың әдістерін жаңарту бағытында педагогикалық зерттеулер жүргізілді.

Зерттеудің басты мақсаты тарихи тұлғатанудың негіздерін Қазақстан тарихы курстарында оқытудың мазмұны мен әдіс-тәсілдерін жүйелеу болғандықтан тұлғатанудың ғылыми тұжырымдарына талдау жасау, осы бағыттың педагогикалық әлеуетін айқындап, тарихи сана мен танымды игеру мен қолданудың дағдыларын меңгертудің әдістерін жетілдіру болып белгіленген. Тарихи тұлға ретінде академик Сақтаған Бәйішевтің тұлғасын биографиялық тәсілмен талдау барысында қол жеткен нәтижелерін оқу үдерісіне енгізуге тұлғатануды оқыту бойынша таңдалған әдіс-тәсілдер бойынша ұсыныстар жасалған.

Қазақстан тарихының мазмұнын жаңалауда тарихи тұлғалардың қоғамдық-саяси қызметін қайта бағалауға баса мән беріліп келеді. Осы бағытта қалыптасқан тұжырымдарға тарихнамалық талдау жасалатындықтан, тарихи тұлғатану бағыты – қазіргі кезде Отан тарихындағы тарихи оқиғалар мен құбылыстардың себеп-салдарлы байланыстарын ажыратып, қоғамдағы және адам санасындағы өзгерістер мен ауытқушылықтардың саяси-әлеуметтік негіздерін танып-білудің барынша мол деректерін жинақтаған сала болғандықтан да оны оқу-тәрбие процесінде қолданудың мүмкіндіктері аса үлкен деп бағаланады. Осыған байланысты зерттеудің келесі бағыты тарих сабақтарында тарихи тұлғатану материалдарын оқытудың әдіс-тәсілдерін іздестіретін педагогикалық мақсатты көздейді.

Тарихи тұлғатану бағытындағы білімдерді игеру арқылы тарихи таныммен бірге болашақ педагог мамандардың отаншылдық сенімі мен көзқарастарын қалыптастырудың әдіс-тәсілдері үнемі жетілдіріліп отыруы қажет екендігіне көз жеткіздік. Оқыту әдістемесі мұқият теориялық дамуды, содан кейін практикалық іске асыруды қамтиды, ол оқытушыдан теориялық, әдіснамалық және технологиялық мәдениетті дамытудың жоғары деңгейін талап етеді.

Докторант Мамбетов Бекзат Махмұтұлының зерттеу жұмысының негізгі нәтижелері мен тұжырымдары шетелдік және отандық басылымдарда жарық көрген. Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Тарих кафедрасының мәжілістерінде, ғылыми семинарларда, 5 ҚР ғылым және жоғары білім саласындағы бақылау комитеті ұсынатын ғылыми басылымдарында, 3 халықаралық ғылыми-тәжірибелік және ғылыми-теориялық конференцияларда талқыланды. Сонымен қатар зерттеудің нәтижелері мен қорытындылары 9 мақалада, соның ішінде 1-еуі Scopus базасына енетін журналда жарияланып, жүргізген ізденіс-тәжірибелік жұмыстарының нәтижелері Қазақстанда ұйымдастырылған түрлі халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда ғылыми қауым назарына бірнеше рет ұсынылып апробациядан өткізілді.

Диссертациялық зерттеу жұмысы кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшалардан тұрады.

Орындалған диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті белгілеген талаптарына сай келеді.

Мамбетов Бекзат Махмұтұлының 6D011400 – Тарих педагогтарын даярлау мамандығы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін қорғауға ұсынамын.

Ғылыми кеңесші,

**Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік
университеті, Кентау институтының директоры,
педагогика ғылымдарының докторы,
профессор**

К.М. Беркымбаев
Қ.А. Ясауи атындағы
халықаралық қазақ-түрік
университеті
Адам ресурстарын басқару
бөлімінің бастығы



К.М. Беркымбаев